

"Аққулы ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы

Павлодар облысы Аққулы ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 28 қыркүйектегі № 1-03/260 қаулысы

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңының 18-бабы 8) тармақшасына, 124-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы" 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 590 қаулысына сәйкес, Аққулы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Аққулы ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже бекітілсін.

2. "Аққулы ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіпте қамтамасыз етсін:

осы қаулыны ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілер электрондық түрдегі эталондық бақылау банкіне қосу үшін "Қазақстан Республикасының құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынына жолдансын;

осы қаулыны Аққулы ауданы әкімдігінің интернет - ресурсында орналастырылсын; осы қаулыдан туындайтын өзге де қажетті шаралар қолдансын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Аққулы аудан әкімінің орынбасары А. Ж. Қасымоваға жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аққулы ауданының әкімі

А. Балгабаев

Аққулы ауданы әкімдігінің
2022 жылғы "28" қыркүйектегі
№ 1-03/260 қаулысымен
бекітілген

"Аққулы ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда – Павлодар облысы Аққулы ауданы әкімдігінің 18.03.2024 № 1-03/47 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1- тарау. Жалпы ережелер

1. "Аққулы ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – "Аққулы ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" ММ) Аққулы ауданының аумағында ішкі саясат және тілдерді дамыту саласындағы басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Аққулы ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" ММ қарамағында мынадай ұйым бар: "Аққулы ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімінің "Жалын" жастар бастамаларын дамыту орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

3. "Аққулы ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" ММ өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Аққулы ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" ММ мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрі және қазақ және орыс тілдерінде өз атауы бар мөртаңбасы, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына және құжаттандыру қағидаларына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де мемлекеттік мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 703 қаулысымен бекітілген.

5. "Аққулы ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" ММ азаматтық - құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

6. "Аққулы ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" ММ Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда ол мемлекеттің атынан азаматтық - құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. "Аққулы ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" ММ өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Аққулы ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" ММ басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Аққулы ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бекітіледі.

9. Занды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, 140700, Аққулы ауданы, Аққулы ауылы, Әбілқайыр Баймолдин көшесі, құрылыс 13.

10. "Аққулы ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" ММ жұмыс тәртібі: жұмыс күндері дүйсенбі-жұма сағат 9.00 - ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін, демалыс күндері: сенбі-жексенбі.

11. Мемлекеттік органның толық атауы мемлекеттік тілде – "Аққулы ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі, орыс тілінде государственное учреждение "Отдел внутренней политики и развития языков района Аққулы".

12. Мемлекет Аққулы ауданы әкімдігі тұлғасында "Аққулы ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" ММ құрылтайшысы болып табылады.

13. Осы Ереже "Аққулы ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

14. "Аққулы ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" ММ қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

15. "Аққулы ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" ММ кәсіпкерлік субъектілерімен "Аққулы ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" ММ өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер "Аққулы ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" ММ заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2- тарау. "Аққулы ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" ММ мақсаты, қызметінің нысанасы, міндеттері мен өкілеттіктері

16. "Аққулы ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" ММ мақсаты: ішкі саяси үдерістерді мемлекеттік реттеуге қатысу, ішкі саясат және тілдерді дамыту саласында ауданның мемлекеттік органдарымен өзара іс-қимыл жасау, аудандағы қоғамдық-саяси ахуалға, саяси партиялар мен басқа да қоғамдық бірлестіктер қызметіне мониторинг, талдау және болжам жасауды ұйымдастыру, ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету бойынша ұсынымдар әзірлеу және жұмысты ұйымдастыру болып табылады.

17. "Аққулы ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" ММ қызметінің нысанасы ішкі саясат және тілдерді дамыту саласындағы мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылға, ішкі саяси процестерді реттеуге бағытталған мемлекеттік саясатты жүзеге асыру.

18. Міндеттері:

1) ауданның мемлекеттік органдарымен қоғамдық-саяси тұрақтылықты, қоғамдық үрдістердің демократизациялануын және қоғамның бірігуін қамтамасыз ету бойынша әрекеттесу;

2) қоғамдық бірлестіктермен, саяси партиялармен өзара әрекеттесу және қолдау;

3) мемлекеттік саясатты жүргізуге жағдай туғызуға, ауданның мемлекеттік органдарымен мемлекеттік ішкі саясатты насихаттау және түсіндіру бойынша аудандық бағдарламаларды өңдеуге және іске асыруға бағытталған жағдайларды тудыру бойынша шараларды әзірлеу;

4) ауданда болып жатқан қоғамдық-саяси үрдістерді және олардың даму тенденцияларын жан-жақты бақылау, болжау және объективті зерттеу жүйелерін ұйымдастыру;

5) Аққулы ауданында тұратын халықтардың тілдері мен мемлекеттік тілді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты жүргізу;

6) Аққулы ауданындағы қоғамдық-саяси жағдайын талдау және мониторингілеу.

19. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

1-1) мемлекеттік органдармен, ұйымдармен, кәсіпорындармен, лауазымды тұлғалармен және азаматтармен келісе отырып, белгіленген тәртіпте "Аққулы ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің алдына қойылған міндеттерді орындаумен байланысты мәселелер бойынша ақпаратты сұрату және алу;

1-2) жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын басқа да атқарушы органдардың мамандарын олардың басшыларының келісімі бойынша жұмысқа тарту;

1-3) "Аққулы ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүдделерін мемлекеттік органдарда, сотта өкілдік ету;

1-4) өз құзыреті шегінде шарттар, келісімдер жасау.

2) міндеттер:

2-1) Қазақстан Республикасының заңдарына және нормативтік құқықтық актілерге сәйкес қызметін жүзеге асыруға құқылы;

2-2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы бюджет және салық заңнамасына сәйкес мемлекеттік мекеменің бухгалтерлік есебін және қаржылық есептілігін жүргізу;

2-3) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерге сәйкес өзіне бекітілген коммуналдық мүліктің сақталуын қамтамасыз етуге міндетті;

2-4) мекеме қызметкерлерінің кепілді еңбек жағдайларын және әлеуметтік қорғау шараларын қамтамасыз етуге.

20. Функциялары:

1) "Аққулы ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" ММ құзыретіне жататын мәселелер бойынша аудан әкімі мен әкімдігінің актілерінің жобаларын әзірлеу ;

2) ауданда 2050 жылға дейінгі Қазақстанның даму Стратегиясының, жыл сайынғы Президенттің Қазақстан халқына Жолдауларын, мемлекеттік және салалық бағдарламалар мен басқа да стратегиялық құжаттардың негізгі артықшылықтарын түсіндіру және насихаттауды қамтамасыз етеді;

3) мемлекеттік тілдің жаппай қолдануына бағытталған шараларды қабылдайды;

4) ауданның жергілікті атқарушы органдарының әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси және басқа да салалардағы қызметі туралы ақпараттық-түсіндіру жұмысын, аталған бағытта жұмысты жетілдіру бойынша ұсыныстардың әзірленуін ұйымдастырады;

5) мемлекеттік тілді және басқа тілдерді дамытуға бағытталған құқықтық негізді іске асырады;

6) ішкі саяси саладағы, этникааралық қарым-қатынас, Қазақстан Республикасында адамның құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету және сақтау мәселелерінде мемлекеттік саясатты анықтайтын тұжырымдамаларды, бағдарламаларды дайындау және іске асыруға қатысады;

7) мемлекеттік және өзге де тілдерді дамытуға бағытталған аудандық маңызы бар іс-шараларды жүргізеді;

8) ауданда мемлекеттік жастар саясатын іске асырады;

9) Аққулы ауданының аумағында дінге қатысты мемлекеттің саясатын өз кезегімен жүзеге асыру, діни бірлестіктердің қарым-қатынасын реттеу саласындағы заңнаманы жүзеге асыруды қамтамасыз етеді;

10) ауданның қоғамдық-саяси, діни, жастар, үкіметтік емес бірлестерінің ақпараттық деректер қорын қалыптастыру, жинау, қорыту және жіктеу жөніндегі жұмысты жүзеге асырады;

11) саяси партиялармен, үкіметтік емес ұйымдармен, этно-мәдени, діни бірлестіктермен, кәсіптік одақтармен өзара әрекеттесуді жүзеге асырады;

12) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін қолдануды насихаттау, әдістемелік көмек көрсету жұмыстарын жүзеге асырады;

13) ауданда отбасы-демографиялық жағдайының мәселелері бойынша жұмысты жүзеге асыруын, Қазақстан Республикасында гендерлік және отбасы-демографиялық саясатының негізгі бағыттары бойынша ұсыныстар мен нұсқаулықтарды әзірлейді;

14) әкімдіктің отырыстарына және аудан әкімі жанындағы мәжілістеріне "Аққулы ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" ММ құзыретіне жататын мәселелері бойынша материалдарын, талдамалы жазбахаттарын, әлеуметтік сауалнамалардың нәтижелерін, ауданда болып жатқан әлеуметтік-саяси үдірістер дамуының динамикасы мен тенденциялары туралы ақпаратты дайындайды;

15) ауданда ішкі саяси тұрақтылықты нығайтуға, саяси үрдістерді демократизациялауға бағытталған облыстық және аудандық ғылыми-тәжірибелік шаралар дайындауға және өткізуге қатысады;

- 16) бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қоғаммен байланысты орнату және үнемі дамыту;
- 17) ведомствоға қарасты ұйымға әдістемелік көмек көрсетеді;
- 18) мемлекеттік жастар саясатын іске асыру бойынша консультативтік-кеңестік органдардың қызметін қамтамасыз етеді;
- 19) жергілікті бұқаралық ақпарат құралдары арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты іске асырады;
- 20) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте өңірлік деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты қалыптастыру, орналастыру және жүзеге асырылуын бақылау;
- 21) ауданда болып жатқан қоғамдық үрдістерді талдау және реттеу, әлеуметтік зерттеулерді, қоғамдық пікір сауалнамасын жүргізу, әлеуметтік шиеленісу ошақтарын анықтау, республика, облыс, аудан өмірінің маңызды мәселелері жөніндегі қоғамдық пікірді қалыптастыру;
- 22) Аққулы ауданының аумағында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік рәміздерінің пайдаланылуын (тігілуін, орналастырылуын) бақылауды жүзеге асырады;
- 23) аудандық деңгейде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша жұмыстарды жүргізеді;
- 24) "Ауданның Құрметті азаматы" атағын беру мәселелері бойынша құжаттаманы және есепке алуды жүргізеді, куәліктер мен төсбелгілерді дайындайды, ресімдейді және сақтайды;
- 25) куәліктерді және төсбелгілерді әзірлеу шығындарын қаржыландырады;
- 26) мемлекеттік сатып алу рәсімдерін ұйымдастыру және өткізу, мемлекеттік сатып алу бойынша есептілікті жасау және "Аққулы ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" ММ-нің "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын әзірлеу;
- 27) бухгалтерлік есеп пен есептілікті ұйымдастыруды қамтамасыз ету, әкімшісі "Аққулы ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" ММ болып табылатын бюджеттік бағдарламаларды қаржыландыру жоспарларын қалыптастыру, бекіту және орындау;
- 28) азаматтарды тілдік қағидат бойынша кемсітуге жол бермеу бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.
- 29) Қазақстан Республикасы "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексінің 75-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды;
- 30) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ауылдарда маңдайшаны орналастыру туралы хабарламаларды қабылдауды және карауды жүзеге асырады".

Ескерту. 20-тармаққа өзгерістер енгізілді - Павлодар облысы Аққулы ауданы әкімдігінің 29.01.2026 № 1-01/17 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

3-тарау. "Аққулы ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" ММ бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері

21. Аққулы ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" ММ басқаруды бірінші басшы жүзеге асырады, "Аққулы ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" ММ, ол жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

22. "Аққулы ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" ММ бірінші басшысы "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады .

23. "Аққулы ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" ММ бірінші басшысының орынбасарлары жоқ.

24. "Аққулы ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" ММ бірінші басшысының өкілеттіктері:

1) аудан әкімдігінің бекітуіне "Аққулы ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" ММ туралы Ережені және оған өзгерістер мен толықтыруларды енгізуін ұсынады;

2) Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес "Аққулы ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" ММ қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

3) Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында белгіленген тәртіппен қарамағындағы ұйымның басшысын тағайындайды және қызметтен босатады;

4) Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында және "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен "Аққулы ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" ММ қызметкерлерін және ведомстволық бағынысты ұйымының басшысын көтермелеуді, материалдық көмек көрсетуді, оларға тәртіптік жазалар қолдануды жүзеге асырады;

5) өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

6) "Аққулы ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" ММ қызметкерлерінің және қарамағындағы ұйым басшыларының лауазымдық нұсқаулықтарын әзірлейді және бекітеді;

7) барлық мемлекеттік органдарда, сотта және өзге де ұйымдарда меншік нысанына қарамастан Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес "Аққулы ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" ММ мүддесін қорғайды;

8) барлық мемлекеттік органдарда, сотта және өзге де ұйымдарда меншік нысанына қарамастан Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес "Аққулы ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" ММ мүддесін қорғау құқығына сенім хат береді;

9) ведомствоға бағынысты ұйымының басшысымен және ұжымымен кеңестер өткізеді;

10) азаматтардың жеке қабылдауын жүзеге асырады;

11) өз құзыретінің шегінде қызметтік құжаттарға қол қояды;

12) "Аққулы ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" ММ қызметкерлерін іссапарға жібереді;

13) сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етеді және оған дербес жауап береді;

14) Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексінің 489-1 - бабы, 804-бабының 50) тармақшасы негізінде әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттамалар құрастырады.

"Аққулы ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" ММ бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

25. "Аққулы ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" ММ коммуналдық мүлікті басқару уәкілетті органы (ауданның жергілікті атқарушы органы) арасындағы өзара қарым - қатынас "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен реттеледі.

26. "Аққулы аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі мен тиісті саланың уәкілетті органы (ауданның жергілікті атқарушы органы) арасындағы өзара қарым-қатынас "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" және "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарымен реттеледі.

27. "Аққулы ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" ММ әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қарым-қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен және ұжымдық шартпен белгіленеді.

4-тарау. "Аққулы ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" ММ мүлкі

28. "Аққулы ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" ММ "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

"Аққулы ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" ММ мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

29. "Аққулы ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" ММ бекітілген мүлік аудандық коммуналдық меншікке жатады.

30. Егер "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының заңында өзгеше көзделмесе, "Аққулы ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" ММ өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті, өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. "Аққулы ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" ММ қайта ұйымдастыру және тарату

31. "Аққулы ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" ММ қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

32. "Аққулы ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" ММ қысқартылған (таратылған) кезде несиегерлердің талаптарын қанағаттандырғыннан кейін қалған мүлік аудандық коммуналдық меншігінде қалады.